

"Ана мен әке тәрбиесінің мектеп тәрбиесімен сабақтастығы" ата-аналар
конференциясы бойынша ақпарат

Жалғансай орта мектебінде бүгін "Ана мен әке тәрбиесінің мектеп тәрбиесімен сабақтастығы" ата-аналар конференциясы болып өтті. Конференция мақсаты: Ата-анамен бірлесе отырып, баланың тұлғасын дамыту, отбасымен бірге эмоционалды жағдай туғызу, әке мен ананың орнын түсіну, құқығын сақтау және тәрбиелеу, мектеп пен ата-ананың арасындағы байланысты нығайту.

Конференцияға Жалғансай ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Мұқышева Райгул Меңдібайқызы; Жалғансай ауылдық округінің қоғамдастық мүшесі, зейнеткер Есенғалиев Амангелді Құралбайұлы; Жалғансай орта мектебінің әжелер кеңесінің төрайымы Маханова Айсана Мүтиевна; Жалғансай ауылдық "Шалқыма" мәдениет үйі директоры Жұмашев Қайрат Жайлыбайұлы; Жалғансай орта мектебінің ата-аналар кеңесінің төрайымы Рахимова Перизат Балтабаевна; Жалғансай орта мектебінің инспекторы Бактикереев Ахмедьяр Жанибекович; Жалғансай ауылдық округінің аналар кеңесінің мүшесі, мектептің саз пәні мұғалімі Кенжебаева Ардақ Тілекбайқызы шақырылды.

Алдымен ата-аналарға жағымды көңіл күй сыйлау үшін мектеп тәлімгері Б.Жұмағазиева тренинг ұйымдастырып, мектеп директорының у.м.а Бектемирова Замзагул Сарсенғалиевна сөз сөйледі. Конференция кезінде "Ана мен әке тәрбиесінің мектеп тәрбиесімен сабақтастығы" туралы мәселелер талқыланып, мектеп пен ата-ананың тығыз қарым-қатынаста болып, бірлік, ынтымақ жарасым тапқан жағдайда бала тәрбиесіне тигізетін ықпалы нәтиже болатындығын атап өтілді. Барлық шақырылған қонақтар өз ойларымен бөлісті.



Дайындаған: МДТЖО Г.А. Акбейсова